

ҰЛТ ЖАДЫНЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ: АДАЛ АЗАМАТ ФЕНОМЕНИ

АМАНИЯЗОВА Б.А.*, ЖАЛМАҒАНБЕТОВА А.С., ТАСҚЫМБАЕВА Р.Б.

*Аманиязова Багдагүл Айтбайқызы — Гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: bagdagul-1977@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4018-8952>

Жалмағанбетова Амангул Серикбаевна – Тарих магистрі, оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: amanek_botik@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-2034-8272>

Тасқымбаева Рая Баймұратқызы - Магистр, аға оқытушы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан.

E-mail: moldir_merei66@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-5904-5682>

Аңдатпа. Бұл мақалада Өзбекәлі Жәнібеков тұлғасы «адал азамат» феномені тұрғысынан қарастырылып, оның ұлттық жадыны жаңғыртудағы және жастар тәрбиесіндегі рөліне талдау жасалды. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс, контент-анализ, әлеуметтік интерпретация және жүйелік талдау тәсілдері қолданылды. Өзбекәлі Жәнібековтің қоғамдық қызметі ұлттық мәдениетті сақтау мен дамытуға, тарихи әділдікті қалпына келтіруге және рухани құндылықтарды қайта жаңғыртуға бағытталған кешенді процесс ретінде қарастырылады. Сонымен қатар Өзбекәлі Жәнібековтің балалық шағы туралы деректер беріледі. Зерттеу материалдары ретінде Ө.Жәнібековтің кітаптары, қайраткер туралы зерттеулер мен мақалалар қолданылды. Автор оның бастамасымен жүзеге асқан Наурыз мейрамын қайта жаңғырту, тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру, музей ісін дамыту және Тайқазанды елге қайтару сияқты маңызды тарихи оқиғаларды талдайды. Сонымен қатар, мақалада Өзбекәлі Жәнібековтің жастар тәрбиесіне қатысты көзқарастары, оның ұлттық сана мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастырудағы рөлі айқындалады. Зерттеу нәтижелері Өзбекәлі Жәнібеков тұлғасы – ұлттық құндылықтарды сақтаудың, қоғамға адал қызмет етудің және жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудің үлгісі екенін көрсетті. Оның мұрасы қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтаудың және мәдени қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды факторы.

Түйін сөздер: адал азамат, ұлттық жады, жастар тәрбиесі, мәдени саясат, ұлттық бірегейлік, Наурыз, музей ісі.

Кіріспе

Ұлт жадының жаңғырығы мен «адал азамат» ұғымы бір-бірімен тығыз байланысты құбылыстар. Бұл феноменнің ең айқын тарихи көрінісі – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф-ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметі деп айтсақ болады. Оның тағдыры мен тағылымы бүгінгі жастарды ұлттық рухта тәрбиелеудің негізгі бағдаршам бола алады [1, 3].

Адал азамат – сөзі мен ісі бір жерден шығатын, ұлтының тағдырын шын уайымдайтын жауапты тұлға. Өзбекәлі Жәнібек ақиқатты сүйетін, шыншыл азамат болды, оның сөзі мен ісінде қиюы қашқан ескі есіктей қабыспау болмады. Ол тек қызметінің арқасында ғана «кісі» болған жоқ, оның бойындағы кісілік пен ірілік табиғатынан бар, сүйегіне сіңген шынайы қасиет еді [1, 4]. Жетімдік тауқыметін көріп өссе де, ол жасып қалмай, ұлтқа қызмет етуден танбаған өршіл қайраткер деңгейіне көтерілді. Нағыз азаматтық – тек қызметке байланысты емес, ол ұлтты шексіз сүйуден, сол жолда басты бәйгеге тігуден туындайтын қасиет.

Өзбекәлі Жәнібек 1931 жылы 28 тамызда Арыс өзенінің Сырға құяр сағасындағы Сарықамыс мекенінде дүниеге келген. Ол әл-Фарабидің туған жері саналатын ежелгі Оқсыз қаласының қирандыларына жақын жерде өсті. 1938 жылы мектепке барып, зеректігімен, ұқыптығымен көзге түседі. «Екпінді» қабырға газетінде оның сабақты жақсы оқитыны жазылады. Мектеп қабырғасында жүріп қоңыр дауысымен ән салып, би билейді, қабырға газетін шығарады. Жастайынан қираған Отырар (Оқсыз), Көксарай қалаларының орнында ойнап, Қызылқұмның табиғатын сезініп өсуі оның тарихи жадын ерте оятты. Кейін мектеп интернатында тұрған кезінде қабырғаға дулыға, сауыт-сайман киген қазақ батырының керемет суретін салып, тарихқа деген ерекше бейімдігін көрсетеді [1, 22].

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №2 (84), маусым 2026
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
Мақаланың мақсаты – Өзбекәлі Жәнібековтің қоғамдық қызметін талдап, «адал азамат» феноменін негіздеу және оның жастар тәрбиесіндегі рөлін айқындау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс, контент-анализ, әлеуметтік интерпретация және жүйелік талдау әдістері қолданылды. Тарихи салыстырмалы әдісті Ө. Жәнібековтің қызметін тарихи контексте талдау үшін, контент-анализ – оның еңбектері мен мәдени бастамаларын саралау үшін, әлеуметтік интерпретация – тұлғаны әлеуметтік модель ретінде қарастыру үшін, жүйелік талдау – ұлттық жады, мәдениет және тәрбие арасындағы байланысты анықтау үшін қолданылды.

Зерттеу материалы ретінде Ө.Жәнібековтің өмірбаяны мен қызметі, мәдени жобалары (музейлер, ансамбльдер, Наурызды қайта жаңғырту), ғылыми еңбектері мен қоғамдық бастамалары алынды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Жастар тәрбиесіндегі ең үлкен қауіп – тарихи жадтан айырылу. Өзбекәлі Жәнібеков өзінің саналы ғұмырын қоғамды тарихи мәңгүрттік кеселден айықтыруға баса назар аударды. Ол қазақ мектептерінің жабылып, ұлттың ұлттық дүниетанымнан айырылып, мәңгүрттенуіне ашық қарсы тұрды. Қайраткер кез келген ұлттың тарихын, күнкөріс-кәсібін, дәстүрлі өнерін білмей тұрып, оның ертеңін болжау мүмкін емес дегенді берік ұстанды. Жастардың ана тілін білмеуі, ұлттық дәстүрлерден беймағлұм өсуі ұлттық сана-сезімнің оянуына және жалпыадамзаттық мәдени байлықтарды игеруіне тікелей кедергі келтіретінін білді. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін ол ұмытыла бастаған Наурыз мейрамын халыққа қайтаруға, Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қалпына келтіруге, қасиетті Тайқазанды Эрмитаждан қайтарып алу үшін барын салды.

Жастарды тәрбиелеу – ұлт болашағын қалыптастырудың негізі. Өзбекәлі Жәнібеков жастар ұйымын басқарған жылдары жастарды білім мен еңбекті ұштастыра отырып тәрбиелеуді мақсат тұтты. Ол қазақ жастарының тек мал бағып, ауыр жұмыспен езіліп қалмауын, керісінше өндіріске, өнеркәсіп саласына барып, кәсіби маман ретінде жетілуін талап етті. Қазіргі жаһандану кезеңінде жастардың шетел өмір салтына бой ұсыну үрдісі күшейіп келеді. Оған қарсы тұра алатын жалғыз күдірет – күнделікті өмірде, отбасы мен ошақ қасынан бастап қоғамдық орындарға дейін ұлттық мақтаншқа негізделген тәлім-тәрбие мен ұлттық идеологияны дамыту. Отаншылдық тек жалаң ұраннан емес, туған жердің хош иісінен, балалық шақтың ертегілерінен, ұлттық әдет-ғұрыптар мен имандылықтан нәр алады. Сондықтан жастарды тәрбиелегенде оларды ұлттық дәстүрлер мен өнерден қол үзіп қалмауына баса назар аудару керек.

Осы орайда халқымызға қайта оралған Наурыз мейрамы туралы айта кетейік. Наурыз мейрамы – қазақ халқының ұлттық жадын, салт-дәстүрі мен мәдениетін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін ең басты рухани құндылық. Ұлттық жадты сақтаудағы рөлі негізгі бағыттардан көрінеді. Біріншіден, тарихи әділдік пен ұлттық рухтың қайта оянуы. Наурыз ежелден қазақ арасында «Жыл басы – жаңа күн», «Ұлыстың ұлы күні» деп тойланып келгенімен, 1926 жылдан бастап солақай саясаттың салдарынан «діни мереке» деген жалған сылтаумен оған тыйым салынған болатын [2, 168]. Араға 62 жыл салып, Өзбекәлі Жәнібеков сияқты ұлт жанашырларының бастамасымен 1988 жылы мейрам халқымен қайта қауышты. Бұл – ұмытыла жаздаған тарихи жадтың жаңғыруы, ұлттық сананың оянуы еді. Ө. Жәнібековтің өзі атап өткендей, «Наурызды елден, елді Наурыздан ажыратуға болмайды» [3, 140].

Екіншіден, имандық пен ұлттық тәрбие дінгеі. Наурыздың негізгі мақсаты – құр көңіл көтеру емес, жұрттың бойында имандық, жаңару, жасампаздық сезімін ояту, жастарды үлкенге ізет, кішіге ілтипат көрсетуге баулу [3, 187]. Мереке кезінде адамдар төс қағыстырып амандасады, ренжіскендер татуласады, жамандық атаулыдан аулақ болуға тырысады. Бұл ұрпақ санасына кешірім пен бауырмалдықты сіңірудің көрінісі.

Үшіншіден, табиғатпен үйлесім және экологиялық жад. Наурыз табиғаттың оянуымен, күн мен түннің көктемгі теңесуімен тұспа-тұс келеді. Бұл күні ата-бабамыз қыстаудан

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №2 (84), маусым 2026
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
шығып, бұлақ көзін ашқан, аулаларын тазалап, «Бір ағаш кессең, он ағаш ек!», «Артыңда мал
қалғанша, тал қалсын!» [3, 187] деген ұлы тағылыммен ағаш отырғызған. Бұл дәстүр
табиғатты аялауға үндейтін экологиялық мәдениетті ұрпақ жадында жаңғыртады.

Төртіншіден, ұлттық таным, ойын-сауық пен салт-дәстүрді сақтау. Мейрам қазақтың
ұлттық тағамдары мен дәстүрлі ойындарын ұмытпай, қайта жаңғыртуға үлкен септігін
тигізеді. Мерекеде жеті түрлі дәмнен жасалатын «Наурыз көже», қарттарға арналып күш-
қуат берсін деп пісірілетін «Бел көтерер», бойжеткендердің ұнатқан жігітіне арнайтын
«Ұйқы ашар» мен оған жауап «Селт еткізер» сияқты дәстүрлі тағамдар мен жоралғылар
жадта қайта жаңғырды. Сонымен қатар, «Айқыш-ұйқыш», «Аударыспақ», «Алтыбақан»
сияқты ұлттық ойындар мен ақындар айтысы арқылы халық өзінің әні мен күйін, қолөнерін
сақтап қалды [2, 169].

Ұлт жадын жаңғыртқан тағы бір үлкен оқиға - Тайқазанды елге қайтару тарихы
көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф-ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің өлшеусіз
еңбегімен тікелей байланысты. Өзбекәлі Жәнібек Мәскеу мен Санкт-Петербургке барған
сапарларында Эрмитажға барып, Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен әкетілген
алып та ғажайып Тайқазанның көрмеге қойылмай, Эрмитаждың бір қалтарысында,
«жертөледе» жатқанын көріп іші қан жылаған. Зерттеуші А. Якубовскийдің айтуына
қарағанда, Тайқазан 1935 жылы Мәскеуде өткен «Иран қолөнер шеберлері көрмесіне»
байланысты Түркістаннан әкетілген екен. Жас тарихшы әрі қайраткер бұл көрініске налып:
«кісі көрер жерге, көрмеге қоймас болса, асыл мүлікті неге өзінің құтты мекеніне
қайтармайды?» деген ойға бекиді [1, 117-118].

Осыдан кейін Ө. Жәнібек Тайқазанды елге қайтару ісіне табандылықпен кіріседі. Ол
Эрмитаждың сол кездегі директоры Михаил Илларионович Артамоновпен және кейінгі
директоры Михаил Борисович Пиотровскиймен жақын танысып, жақсы кісілік қарым-
қатынас орнатады. Ол өзінің ұрымтал тұста ұрып жығатын мінезімен және терең тарихи
негіздеуімен Эрмитаж басшылығына ықпал ете білген.

Өзбекәлі Жәнібеков бұл қадамның ұлт үшін рухани маңызын өте терең түсінді. Ол:
«Тайқазан қайтса, ынтымақ артып, ырыс толады, ұлтымыздың қасиеті қайтады, елдігіміз
артады» деп үлкен сеніммен әрекет еткен. Осылайша, ұлт жанашырының табанды еңбегінің
арқасында қасиетті Тайқазан елге оралды. Бұл оқиға Эрмитаждан тарихи жәдігердің
қайтарылуының алғашқы және бірегей көрінісі болды. Тайқазанның Эрмитаждан
Түркістанға оралуының рухани маңызы ең алдымен ұлттық құт-берекенің, ынтымақ пен
елдіктің, тарихи әділдіктің қайта орнауымен тікелей байланысты. Бұл қасиетті жәдігерді елге
қайтару ісінің басында тұрған ұлт жанашыры Өзбекәлі Жәнібеков бұл қадамның рухани
салмағын: «Тайқазан қайтса, ынтымақ артып, ырыс толады, ұлтымыздың қасиеті қайтады,
елдігіміз артады» деп өте терең бағалаған [1, 314].

Бұл тарихи оқиғаның рухани мәнінің негізгі аспектілерін атап өтсек, шашылған
атамұраның елге оралуы тарихи әділдік еді. 1935 жылы «Иран қолөнер шеберлері
көрмесіне» деген сылтаумен Түркістаннан әкетілген Тайқазан Эрмитаждың жертөлесінде,
ешкім көре алмайтын қалтарыста жатты. Сонымен қатар, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен
әкетілген қос күміс шырақданның бірі Париждегі Лувр мұражайынан бір-ақ шыққан еді.
Осындай шашылып қалған, жат қолда кеткен асыл мұраларды көріп іші қан жылаған
қайраткер үшін Тайқазанды құтты мекеніне қайтару – ұлттың ұмытылған тарихын, рухани
байлығын өзгенің жертөлесінен шығарып, жарыққа шығарумен тең болды.

Тайқазанның туған топырағына оралуы жай ғана заттың оралуы емес, кешегі бодандық
заманда аяқасты болған қазақ халқының рухани құндылықтарына деген құрметтің қалпына
келуі, ұлттық намыстың оянуы болды. Жәдігердің Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне орналасуы
халықтың тарихи жадын оятып, елдің тұтастығы мен киелі сезімдерін нығайтатын үлкен
рухани серпіліс әкелді.

Сонымен қатар Өзбекәлі Жәнібековтің Қазақстандағы музей ісін дамытуға қосқан үлесі
орасан зор. Халық пен замандастары оны ерен еңбегі, көрегендігі үшін «Бас музейші» [1,
308] деп те атаған. Ол музейді ескі-құсқы жинайтын қойма немесе зейнеткерлер уақыт

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №2 (84), маусым 2026
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
өткізетін орын емес, ұлттық мәдениет пен тарихты насихаттайтын, ұрпақты аталар рухымен
тәрбиелейтін басты рухани ошақ деп таныды.

Оның музей ісіне деген махаббаты бала кезінен басталды: ол 4-5 сыныпта оқып жүргенде-ақ Отырар төбеден табылған жәдігерлерді жинап, мектепте музей мүйісін ұйымдастырған. Қайраткерлік жолында Ғани Мұратбаевтың Қазалыдағы және Ташкенттегі музейлерін, сондай-ақ Алматыда Қазақстан Жастар ұйымы тарихының музейін ашты. Торғай облыстық өлкетану музейін «Сақтан қазаққа дейін» деген тұжырымдамамен жасақтап, Одақтағы мақтаулы музейлер қатарына қосты. Алматыда Қазақтың халық әуез аспаптары музейін ұйымдастырды. Бұл музейдегі аспаптар жай ғана жансыз жәдігер болып қалмауы үшін, олардың үнін жаңғырту мақсатында «Сазген» фольклорлық-этнографиялық ансамблін құрып, көне аспаптарды (адырна, шертер, желбуаз, т.б.) қайта дыбыстандырды. Абай атындағы опера және балет театры, М.Әуезов атындағы академиялық драма театры, Композиторлар одағы жанынан салалық музейлер ашты. Сүйінбайдың, Жамбылдың, Үмбетәлі Кәрібаевтың, Сәбит Мұқановтың әдеби-мемориалдық музейлерін ашып, экспозицияларын байытты.

Ол музей ісін мемлекеттік деңгейде реформалады. Мәдениет министрлігінде тұңғыш рет «Музей бөлімін» ашты. Ескі жәдігерлерді ғылыми түрде қалпына келтіру үшін «Қазмузейжаңғырту» (Қазмузейреставрация) мекемесін құрып, оған білікті шеберлер мен мамандарды тартты және оларды Мәскеу, Ленинградқа тағылымдамаға жіберді. Ол кезде республикадағы 15 облыстық өлкетану музейінің экспозициясы тек орыс тілінде, орыс тарихына негізделіп тұрған еді. Ө. Жәнібеков «Қазақстан музейі - қазақ тарихымен суарылып жасалуы керек!» деген қағидамен олардың барлығын қазақы рухқа бұрып, жаңадан тақырыптық-экспозициялық жоспар жасатып шықты. Мәдениет министрінің орынбасары болып келгенге дейін республикада 35 ірі басты музей болса, ол қызмет еткен жылдары олардың саны 79-ға жетіп, жүздеген филиалдары ашылды [1, 313-314].

Ө.Жәнібеков экспонат жинау ісіне тікелей өзі араласып, әрбір «бұйым-тайымның» тарихын терең зерттеді. Мысалы, Торғайда бір шопанның үйінде ит алдында астау (итаяқ) болып жатқан XIX ғасырдың сирек кездесетін ағаш ыдысын көріп, үй иесінен қиыла сұрап алып, орнына жаңа жиһаз әперіп, әлгі жәдігерді музей төріне қойған. Ал Торғайдағы музейдің еденін жұмысшылар дұрыс сырлай алмағанда, түнделетіп, екі балағын түріп алып, белуарына дейін бояуға малшынып өзі сырлап шыққан. Сондай-ақ, жоғалып кеткен қазақтың көне бас киімі – «қасабаны» тарихи деректер мен ескі кітаптардан індете іздеп тауып, оны Орталық музей қорына тапсырған. Өзбекәлі Жәнібеков қазақ ұлттық киімдерін зерттеуге этнограф ретінде ғана емес, оны іс жүзінде қайта жаңғыртушы ретінде де өлшеусіз үлес қосты. Оның бұл саладағы ізденістерінің нәтижесі 1996 жылы жарық көрген «Қазақ киімі» атты іргелі альбом-кітабынан айқын көрініс тапты. Ғалым қазақ киім-кешегін жай ғана тұтыну заты емес, халқымыздың табиғи ортасымен (үскірік аяз, аңызак жел, аптап ыстық), бар өмірі көлік үстінде өтетін көшпелі өмір салтымен тікелей байланысты қалыптасқан заттық мәдениеттің айқын көрінісі деп қарастырды. Киімнің пішімі, тігісі, материалы арқылы адамның әлеуметтік тобын, байлығын, жас ерекшелігін және шыққан тегін ажыратуға болатынын дәлелдеді. Салтанатты киімдер барқыт, масаты, шұға, жібек, қымбат аң терілерінен (күндыз, сусар, бұлғын) тігіліп, биік өкшелі, қайқы тұмсықты аяқ киімдермен ерекшеленсе, күнделікті киімдер қарапайым материалдардан (шекпен, бөз, шыт, сәтен, қой терісі) жасалған [4, 105].

Мұның барлығы Өзбекәлі Жәнібековтің қазақ музей ісін ғылыми жүйеге түсіріп, оны ұлттық діл мен тарихты, дәстүрлі өнерді сақтайтын қасиетті орынға айналдырған нағыз мәдениет реформаторы болғанын дәлелдейді.

Қорытынды

Қазақ қоғамында «азамат» ұғымы ерте кезден-ақ кәмелеттікке, ерлікке және ізеттікке меңзейтін ерекше ұлттық мәртебе. Нағыз азаматтың қызметке, мансапқа қатысы аз, ол жұрт жүрегіне алау жаға алар адамгершіліктен, өз ұлтын шексіз сүйуден және сол жолда басын бәйгеге тігуден туындайтын қасиет. Өзбекәлі Жәнібеков дәл осындай ақиқатшыл, шыншыл,

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №2 (84), маусым 2026
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
сөзі мен ісі қабысып жататын, кісілік пен ірілік сүйегіне сіңген шынайы азамат болды. Ол не
істесе де беріле істейтін, не айтса да жеріне жеткізе айтатын істің адамы еді.

Адал азамат өз ұлтының тарихы мен мәдениетін сақтауды өмірлік мұраты санайды. Ө.
Жәнібеков кеңестік солақай саясат үстемдік құрып тұрған кезеңнің өзінде ұлттық
дәстүрлерімізді ардақтаудың әдемі үлгісін көрсетті [5, 13]. Оның қайраткерлік өресі атқарған
үлкен лауазымдарымен емес, қызметіне залалы тиеді деп қорықпай, қазақтың ұлттық салт-
дәстүрінің сақталып қалуына аянбай атсалысуымен өлшенеді. Ол көптеген жылдар бойы
тыйым салынған Наурыз мейрамын халқымен қайта қауыштырды, Қожа Ахмет Ясауи мен
Айша бибі кесенелерін қалпына келтіруге күш салды, қасиетті Тайқазанды Эрмитаждан
туған жеріне қайтару ісін тікелей жүзеге асырды.

Мемлекеттің болашағын ойлайтын адал азамат ешқашан жастардың тағдырына бей-
жай қарамайды. Ө. Жәнібеков қазақ жастарын тек қой бағуға, ауыр жұмысқа жегетін
кеңестік саясатқа ашық қарсы шығып, қазақ жастарының есесі кетпеуін қатаң қадағалады. Ол
жастарды өнеркәсіп орындарына жіберіп, кәсіп үйренуге, ғылым мен өнерге бағыттады.
Сонымен қатар, Торғай облысында қызмет еткен жылдары қазақ мектептерінің жаппай
жабылып, орыс тілді мектептерге айналуына тосқауыл қойды. Қазақ мектебін жабу – ұлтты
ұлттық дүниетанымнан айырып, мәңгүрттендіру деп білген оның бұл әрекеті ұлт келешегін
қорғаған үлкен рухани ерлік еді. Ол жас таланттарға үнемі қамқор болып, олардың қоғам
сахнасына шығуына тікелей ықпал етті.

Нағыз адал азамат әділетсіздікке төзбейді. Желтоқсан оқиғасынан кейін бүкіл халыққа
«ұлтшыл» деген жалған айып тағылғанда, ол Колбиннің саясатына қарсы тұрып, қазақ
халқының тарихын қорғап, оқиғаның нақты себептерін ашып көрсетті. Қудалауға түскен
зиялы қауым өкілдері мен жазықсыз жапа шеккен ғалымдарды, студенттер мен
журналистерді ақтап алуға бар күшін салды. Сондай-ақ, ұзақ жылдар бойы есімдерін атауға
тыйым салынған Алаштың бес арысы – Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов,
Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовтарды ақтау жөніндегі
комиссияны басқарып, олардың есімдерін елге қайтарды.

Қорыта айтқанда, «адал азамат» ұғымын Өзбекәлі Жәнібековтің өмірімен
байланыстырғанда: ол – өз мүддесін халық мүддесінен жоғары қоймайтын, ұлтының жоғын
жоқтап, барын түгендеген, қазақ мәдениеті мен тарихының шынайы сардары деп
суреттеледі. Оның өмірі мен қызметі қазіргі жастарды отаншылдыққа, ұлттық намысты
қорғауға және ірі кісілікке тәрбиелейтін нағыз «адал азаматтың» мінсіз үлгісі.

Әдебиеттер тізімі

1. Адырбек Б. Өзбекәлі Жәнібек. - Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі», 2021, 384 б.
2. Жәнібеков Ө. Таңдамалы шығармалар жинағы. - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2011. 1-кітап-
320 б.
3. Жәнібеков Ө. Тағдыр тағылымы (естеліктер). Алматы: «Рауан», 1996, 192 б.
4. Жәнібеков Ө. Тағдыр тағылымы (естеліктер). Алматы: «Рауан», 1997, 136 б.
5. Тәжіұлы Арысбек. Тау тұлға Өзбекәлі Жәнібеков: кітап-альбом. Алматы: Дала
Дизайн, 2021, 400 б.

References

1. Adyrbek B. Özbekäli Jänibek. Almaty: JŞS «Qazaqstan» baspa üii», 2021, 384 b.
2. Jänibekov Ö. Tañdamaly şyğarmalar jinağy. Almaty: QAZaqparat, 2011. 1-kitap-320 b.
3. Jänibekov Ö. Tağdyr tağylymy (estelikter). Almaty: «Rauan», 1996,- 192 b.
4. Jänibekov Ö. Tağdyr tağylymy (estelikter). Almaty: «Rauan», 1997,- 136 b.
5. Täjiüly Arysbek. Tau tülğa Özbekäli Jänibekov: kitap-älbom. Almaty: Dala Dizain, 2021,
400 b.

ФЕНОМЕН ЧЕСТНОГО ГРАЖДАНИНА В КОНТЕКСТЕ ОБНОВЛЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ПАМЯТИ

АМАНИЯЗОВА Б.А. , ЖАЛМАГАНБЕТОВА А.С. , ТАСКЫМБАЕВА Р.Б. 

Аманиязова Багдагул Айтбаевна — Магистр, преподаватель, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, г. Ақтөбе, Қазақстан

E-mail: baqdaqul-1977@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4018-8952>

Жалмаганбетова Амангул Серикбаевна – Магистр, преподаватель, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, г. Ақтөбе, Қазақстан

E-mail: amanek_botik@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-2034-8272>

Таскымбаева Рая Баймуратовна - Магистр, старший преподаватель, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г. Ақтөбе, Қазақстан.

E-mail: moldir_merei66@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-5904-5682>

Аннотация. В данной статье личность Узбекәлі Жәнібеков рассматривается через призму феномена «честного гражданина», а также проводится анализ его роли в возрождении национальной памяти и воспитании молодежи. В ходе исследования были использованы историко-сравнительный метод, контент-анализ, социальная интерпретация и системный подход. Общественная деятельность Жанибекова рассматривается как комплексный процесс, направленный на сохранение и развитие национальной культуры, восстановление исторической справедливости и возрождение духовных ценностей. Кроме того, в статье приводятся сведения о детстве Жанибекова. В качестве исследовательских материалов использованы его научные труды, а также исследования и статьи, посвященные его деятельности. Автор анализирует такие значимые исторические события, реализованные по инициативе Жанибекова, как возрождение праздника Наурыз, реставрация исторических памятников, развитие музейного дела и возвращение Тайказана на родину. Также в статье раскрываются взгляды Жанибекова на воспитание молодежи, его роль в формировании национального самосознания и гражданской ответственности. Результаты исследования показали, что личность Жанибекова является образцом сохранения национальных ценностей, служения обществу и воспитания молодежи в духе патриотизма. Его наследие в условиях глобализации выступает важным фактором сохранения национальной идентичности и обеспечения культурной безопасности.

Ключевые слова: честный гражданин, национальная память, воспитание молодежи, культурная политика, национальная идентичность, Наурыз, музейное дело.

THE ROLE OF THE HONEST CITIZEN IN THE PROCESS OF REVIVING NATIONAL MEMORY

AMANIYAZOVA B.A. , ZHALMAGANBETOVA A.S. , TASKYMBAEVA R.B. 

Amaniyazova Bagdagul Aitbaevna — Master of arts, lecturer, K.Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: baqdaqul-1977@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4018-8952>

Zhalmaganbetova Amangul Serikbayevna - Master, lecturer, K. Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan.

E-mail: amanek_botik@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-2034-8272>

Taskymbaeva Raya Baimuratovna - Master, senior lecturer, K. Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan.

E-mail: moldir_merei66@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-5904-5682>

Abstract. This article examines the personality of Uzbekali Zhanibekov through the lens of the «honest citizen» phenomenon and analyzes his role in the revival of national memory and youth education. The study applies historical-comparative methods, content analysis, social interpretation, and a systemic approach. Zhanibekov's public activity is considered as a comprehensive process aimed at preserving and developing national culture, restoring historical justice, and reviving spiritual values. In addition, the article provides information about Zhanibekov's childhood. The research materials include his scholarly works as well as studies and articles dedicated to his life and activities. The author analyzes key historical initiatives carried out under his leadership, such as the revival of the Nauryz holiday, restoration of historical monuments, development of museum institutions, and the return of the sacred Taikazan to its homeland. Furthermore, the article explores Zhanibekov's views on youth education and his role in shaping national identity and civic responsibility. The research findings demonstrate that Zhanibekov's personality represents a model of preserving national values, serving society, and fostering patriotism among young people. In the context of globalization, his legacy remains an important factor in maintaining national identity and ensuring cultural security.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №2 (84), маусым 2026
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
Key words: honest citizen, national memory, youth education, cultural policy, national identity, Nauryz, museum development.